

**Түркістан облысы Келес ауданы «№32 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылының 9-11 сыныптарының қорытынды есебі**

2023 – 2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 38 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазанындағы №304 бұйрығына сәйкес бекітілді.

9 сыныптың қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 29 мамыр мен 10 маусым аралығы болып бекітілді:

1) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі өзбек тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2024 жылғы 3 маусым;

3) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні (география) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 10 маусым;

9 сыныптар бойынша 23 оқушының қорытынды аттестаттауға қатысты.

Жалпы 9 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау қорытындысы мына төмендегідей болды.

| № | Пәннің атауы                 | Жалпы оқушы саны | Емтиханға қатысқан оқушы саны | «Өте жақсы» Бағаға тапсырғандар | «Жақсы» бағаға тапсырғандар | «Қанағат» бағаға тапсырғандар | Білім сапасы | Үлгерімі | Орташа балл |
|---|------------------------------|------------------|-------------------------------|---------------------------------|-----------------------------|-------------------------------|--------------|----------|-------------|
| 1 | Қазақ тілі (оқыту тілі) эссе | 23               | 23                            | 4                               | 11                          | 8                             | 65,2%        | 100%     | 3,8         |
| 2 | Алгебра                      | 23               | 23                            | 5                               | 5                           | 13                            | 43%          | 100%     | 3,6         |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті       | 23               | 23                            | 5                               | 9                           | 9                             | 60,8%        | 100%     | 3,8         |
| 4 | Таңдау пәндері               |                  |                               |                                 |                             |                               |              |          |             |
|   | География                    | 23               | 23                            | 5                               | 8                           | 10                            | 56,5%        | 100%     | 3,7         |

Жалпы қорытындылай келе 9 сынып оқушыларының 2023-2024 жылғы емтихан қорытындысы: Білім сапасы: 56,3%. Үлгерімі: 100%. Орташа балл 3,7 балл мен аяқтадық.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 3 тарау, 43 тармағына сәйкес негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілген пәндерден «5» деген бағасы бар және Қорытынды аттестаттаудан

«5» деген бағамен бағаланған 1 оқушыға негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» берілді, 22 оқушыға орта білім алғанын растайтын аттестат тапсырылды.

11 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 29 мамыр - 11 маусым аралығы болып бекітілді;

1. қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 28 мамыр;

2. алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 31 мамыр;

3. Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2024 жылғы 4 маусым;

4. қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2024 жылғы 7 маусым;

5. Таңдау пәні жазбаша емтихан - 2024 жылғы 11 маусым;

11 сыныптар бойынша 11 оқушы қорытынды аттестаттауға қатысты.

Жалпы 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау қорытындысы төмендегідей болды.

| № | Пәннің атауы                    | Жалпы оқушы саны | Емтиханды қатысқан оқушы саны | «Өте жақсы» Бағаға тапсырғандар | «Жақсы» бағаға тапсырғандар | «Қанағат» бағаға тапсырғандар | Білім сапасы | Үлгерімі | Орташа балл |
|---|---------------------------------|------------------|-------------------------------|---------------------------------|-----------------------------|-------------------------------|--------------|----------|-------------|
| 1 | Қазақ тілі (оқыту тілі) эссе    | 11               | 11                            | 4                               | 5                           | 2                             | 81,8%        | 100%     | 4,1         |
| 2 | Алгебра және анализ бастамалары | 11               | 11                            | 2                               | 5                           | 2                             | 63,6%        | 100%     | 3,2         |
| 3 | Қазақстан тарихы                | 11               | 11                            | 2                               | 5                           | 4                             | 63,6%        | 100%     | 3,8         |
| 4 | Орыс тілі мен әдебиеті          | 11               | 11                            | 2                               | 4                           | 5                             | 54,5%        | 100%     | 3,7         |
|   | Таңдау пәндері                  |                  |                               |                                 |                             |                               |              |          |             |
| 5 | Ағылшын                         | 11               | 11                            | 3                               | 2                           | 6                             | 45,4%        | 100%     | 3,7         |

Жалпы қорытындылай келе 11-сынып оқушыларының 2023-2024 жылғы емтихан қорытындысы :Білім сапасы:61,7%.Үлгерімі:100% .Орташа балл 3,7 балл мен аяқтадық

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 45 тармағына 3 тарауына сәйкес жақсы мінез-құлық танытқан 5-11 сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары қойылды. Қорытынды аттестаттаудан 11 оқушыға «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша жалпы орта білімін растайтын аттестат берілді.

Мектеп директорының м.у.а:



Е.Абжанов